

**ҚР Энергетика министрлігінің  
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
№13 ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 12 желтоқсан  
сағ.11:30

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі С.Қ. Есімханов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (*тізім бойынша*), «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ Ядролық отын циклі бойынша басқарушы директоры А.К. Махамбетов, «ҚАЭС» ЖШС бас директордың орынбасары Р.Қ. Оқасов, «ҰЯО» РМК бас директоры Э.Г. Батырбеков (ZOOM арқылы), «ЯФИ» РМК бас директоры С.Қ. Сахиев (ZOOM арқылы), Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (*тізім бойынша*).

**1. Бөлінген генерацияны дамыту моделін  
(нетто-тұтынушылар секторы) жетілдіру туралы**

---

*(С. Есімханов, А. Мусин)*

1.1. Энергетика вице-министрі С.Қ. Есімхановтың және Электр энергетикасын дамыту департаменті А.Б. Мусиннің бөлінген генерацияны дамыту моделін (нетто-тұтынушылар секторы) жетілдіру туралы ақпараты назарға алынсын.

**1.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

- электр энергиясын тұтынуды, оның ішінде заңнамалық сипаттағы тұтынуды орталықсыздандыру бөлігінде когеренциялық газды микротурбиналық және газ поршенді қондырғылар базасында бөлінген генерацияның рөлін күшейту жөнінде ұсыныстар енгізасін;
- Министрліктің қолданыстағы заңнамаға нетто-тұтынушылар секторын дамыту бөлігінде өзгерістер енгізу жөнінде жүргізген жұмысын атап өтсін;
- жалпы векторда 2060 ұлттық декорбанизация стратегиясына сәйкес келетін газды біртіндеп алмастыра отырып, газды іздеу, өндіру, болашақта электр энергиясын өндіру үшін Самұрық-Энерго сияқты электр энергетикалық компаниялар үшін жер қойнауын пайдаланушының құқықтарын алудың әлеуетті құқықтық мүмкіндігі мәселесін зерделеуді қарастырсын.



## 2. Қазақстан Республикасында АЭС салу жоспары туралы

(Г. Мурсалова)

2.1. Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директорының орынбасары Г.Д.Мурсалованың Қазақстан Республикасында АЭС салу жоспары туралы ақпараты назарға алынсын.

### 2.2. Қоғамдық кеңес хатшылығы:

- Қоғамдық кеңестің келесі отырыстарында «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» ЖШС (МАЭК) өкілдерін шақыра отырып, БН 350 реакторын пайдаланудан шығаруды қоса алғанда, «МАЭК» ЖШС проблемасы мәселесін қарастырсын.

## 3. АЭҚБК, АЭӨД, «ҰЯО» РМК, «ЯФИ» РМК, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК 2024 жылғы қызметі туралы есептерді тыңдау

(А. Сарпеков, Ф. Мәди, А. Махамбетов)

3.1. Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті төрағасының орынбасары А.Т. Сарпековтың, Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директорының міндетін атқарушы Ф.Ә. Мәдидің және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ Ядролық отын циклі бойынша басқарушы директоры А.К. Махамбетовтің АЭҚБК, АЭӨД, «ҰЯО» РМК, «ЯФИ» РМК, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК 2024 жылғы қызметі туралы есептері назарға алынсын.

### 3.2. Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті:

- энергетикалық объектілердегі авариялық жағдайлар мен технологиялық бұзушылықтарды қарау бюллетенін шығару жөнінде ұсыныстар енгізсін;

- атом саласындағы штатты кеңейту, жаңа реттеуші құжаттарға: заңдар мен НҚА жобаларына, техникалық регламенттерге реттеушілік әсерді талдауды әзірлеу бойынша жеке бөлімше (бөлім, басқарма) құру ұсынсын.

Қоғамдық  
кеңестің төрағасы



Б. Әуетаев

Қоғамдық  
кеңестің хатшысы



Ф. Төлеген